



Мұнайлы өлке, шырайлы өлке – Атырау

Жұмыс авторы: **Сабирова Камилла**
«Алматы энергетика және байланыс университеті»,
«Электр техникасы және энергетика», 1 курс (ЭЭК-20-6),
Атырау облысы, Махамбет ауданы
Жетекшісі: **Сауле Байдильдина**, «Әлеуметтік пәндер
кафедрасының» доценті.

Жұмыстың жоспары:

1

- Мұнайлы өлке, шырайлы өлке-Атырау

2

- Хан ордасы Сарайшық қалашығы

3

- Атырау облысының басты байлықтары

4

- Өнеркәсіп құрылымы

5

- Танымал тұлғалары

6

- Қорытынды

Мұнайлы өлке, шырайлы өлке – Атырау



Менің туып-өскен қалам Атырау қаласы. Атырау қаласы Қазақстанның батысында, Жайық өзенінің бойында орналасқан. Қаланың негізі 1640 жылы қаланған. Қала жеріндегі белгілі тұңғыш тұрақты қоныс — қазіргі «Орбита» стансасы қасындағы Алтын Орда кезеңіндегі болған Лаэти асары. Ноғай Ордасы кезеңінде балықшылардың тұрақты Үйшік қонысы Жайық өзені сағасында орналасқан. Ресей ханшайымы Екатерина II Яик өзенін (Жайықтың орысша атауы) Урал деп атауын жарлығымен бекіткенде, қаланың атауы Гурьев городок, Гурьев деп өзгертілген.

Сарайшық қалашығы



Тарихы: Сарайшық қалашығы –қазіргі Атырау қаласынан солтүстік-батысқа қарай 50 шақырым жерде , Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан. Ортағасырлық Сарайшық қаласының құрылған жылы салдырған адам кім деген сұраққа жауап әлі күнге дейін толықтай жауабын тапқан жоқ. Бұл мәселе туралы ғалымдардың әр түрлі пікірлері бар. Әбілғазы Баһадүр ханның (XVII ғ) пікірінше қаланың негізін қалаған Бату хан. «Археологическая карта Казахстана» атты жинақта Сарайшық қаласының өмір сүрген дәуірі туралы жазылған. Яғни ол бойынша «Бірінші дәуір –XI-XII ғ моңғол үстемдігіне дейінге кезең, Екінші дәуір–XIII-XIV ғ Алтын Орда немесе Ақ Орданың кезеңі, Үшінші дәуір –XV –XVI ғ ноғайлық дәуір». Әрине бұл жоғарыда айтылған пікірлердің бірі ғана.






Зерттелуі: Қала орнына алғашқы ғылыми қазба жұмысын 1937 жылы Арзютов зерттеген. Әлкей Марғұлан өзінің 1950 жылы жүргізген қазба жұмыстары нәтижесінде қала XII ғ салынған деген пікір айтады. Әлкей Марғұланныңайтуы бойынша қалада қыш күйдіру, темір қорыту цехтары мен ұстаханалар, ақша жасау шеберханалары да болған. Католик миссионерлері Пано Карпинин мен Вильгелм Рубруктың жұмыстарында да айтылады. Сарайшық 14-ші ғасырлық Каталан картасында белгіленген. 1980 жылы бұл өңірде Л.Л.Галкиннің қатары жұмыс жасады. Сонымен қатар ресейлік және қазақстандық археологтар В.В.Плаховпен А.Афанасьевтіңбірлескен экспедициясы жүрді. 1996 жылдан бастап ҚРҒА археология Институтының археология жетекшісі Зейнолла Самашев көне қаланың аумағына қазба жүргізді.

Қазіргі жағдайы: Сарайшық Қазақстан Республикасының «тарихи мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңына сәйкес күтіп сақтауды зерттеуді және туризм инфрақұрылымына енгізуді талап ететін объектілердің бірі.




Каспий теңізі мен Орал өзені балыққа, ал жер қойнауы мұнайға бай. Сондықтан өңірдің басты байлығы қызыл балық пен қара уылдырық, мұнай мен газ болып табылады. Қала елтаңбасында бекіре мен мұнай мұнарасы бекер көрсетілмеген. Бүгінгі Атырау – Қазақстанның негізгі көмірсутек аймағы, мұнай мен газды өндіру бойынша ең ірі орталық, келешегі бар қаржыландыру нарығы. Ал Атыраудың қара уылдырығын ТМД мен Еуропада жақсы біледі.

Атырау облысы – Қазақстанның дамылсыз дамыған өңірінің бірі. Өңірде алты жүзден астам өнеркәсіп кәсіпорындары қызметін атқарады. Республика өнеркәсіп көлемінің ширек бөлігі облыста өндіріледі.



Өнеркәсіп құрылымы

Өнеркәсіп салаларының үлесі



Танымал тұлғалары:



Хиуаз Қайырқызы Доспанова (15 мамыр 1922 жыл, Ганюшкин, Гурьев облысы— 21 мамыр 2008, Алматы) — Екінші дүниежүзілік соғысының қазақтан шыққан жалғыз әйел-ұшқышы, жауынгер, батыр, Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы.

Фариза Оңғарсынқызы Оңғарсынова (25 желтоқсан 1939 жыл - 23 қаңтар 2014 жыл) — қазақ ақыны, халық жазушысы, журналист, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің I және II шақырылымдарының депутаты (1996-2004).



Жұмекен Сабырұлы Нәжімеденов (28 қараша, 1935 жыл, Атырау облысы, Құрманғазы ауданы Қошалақ - 22 қараша, 1983 жыл, Алматы) — Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының (мәтіні) авторы, көрнекті ақын, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының иегері.



Зейнолла Қабдолов (1927—2006) — жазушы, әдебиет зерттеушісі, ұстаз, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақ және Қырғыз Республикаларының еңбек сіңірген ғылым қайраткері.

Ғани Қасымов — Қазақстан патриоттары партиясының төрағасы.



Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетов — Қазақстан Республикасының мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының 5-нші Премьер-Министрі, 2008 жылдың 4 сәуірінен бастап 2014 жылдың 22 қазанға дейін Астана қаласының әкімі ретінде қызмет етті. 2014 жылы ҚР Қорғаныс министрі болып, ал 2017 жылдың 7 ақпаныңда Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы төтенше және өкілетті елшісі болып тағайындалды.

Қорытынды:

*Сүйікті **Атырауым!** Әр адамға өзінің кіндік қаны тамған жері ыстық. Ауылда туған адамға, қандай әдемі, қызығы қайнап жатқан қала болса да, өз ауылы қымбат болады. Мен үшін кіндік қаным тамған жерім - **Атырауым** ыстық. Мен оны еш жерге теңемеймін. **Атырауым** мақтасам, мақтауыма тұратын қала. Себебі, Жайығында балығы тулаған, мұнайы қайнаған, небір дана кісілер, ақындар, дарындылар дүниеге келген киелі жер. Махамбет, Исатай, Фаризадай және де т.б. бір туарларымызды мақтан етеміз. **Атырауым** жылдан жылға көркейіп, адам танымастай өзгерді. Халқында қазақы иісі бар, қонақжайлығы, тілі-діні бойына дарыған қазақтарды осы **Атыраудан** көруге болады. **Атырау** Азия, Европа деп екіге бөлінеді. Түнгі **Атыраудың** көрінісі адам таңғаларлықтай.*

***Атырауым** - жасай бер!*

***Атырауым** - жайнай бер!*